



№ исх: ДЗГЗ-1-33856/ДЗ-233-17384 от: 31.10.2017  
№ вх: от: 31.10.2017

010000, Астана қаласы, Жетіс даңғылы, 11, тел.(7172) 71-77-64,  
71-77-65, факс: 71-77-85 e-mail: administrator@minfin.gov.kz

010000, город Астана, Проспект Победы, 11, тел.(7172) 71-77-64,  
71-77-65, факс: 71-77-85 e-mail: administrator@minfin.gov.kz

**Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

2017 жылғы 12 қазандағы  
№ ДЗ-233 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінде ұйымдық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлғаларға қылмыстық жауапкершілік еңгізуге қатысты Сіздердің 2017 жылғы 11 қазанда жария еткен сауалыңызға орай мынаны хабарлайды.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспардың 65-тармағындамен Министрлік «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын (бұдан әрі – заң жобасы) әзірлеу бойынша жауапты мемлекеттік орган болып анықталды.

Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 423-отырысында мақұлданған Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу бірыңғай жүйесін орталықтандырылған қызмет қағидаты бойынша енгізу, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілердің сатып алуларын заңнамалық реттеу ұсынылған.

Бұл ретте, квазимемлекеттік сектордың сатып алулары бойынша бірыңғай сатып алу қағидаларын белгілеу, олардың сатып алуларын мемлекеттік бақылауды бекіту және жауапкершілікті әкімшілік және сыбайлас жемқорлық заңнамасы арқылы белгілеу ұсынылады.

Атап айтқанда, заң жобасымен Қылмыстық кодексте ұлттық холдингтер мен компаниялардың сатып алуды ұйымдастыру, өткізу және бақылауда қатысатын, сол сияқты мемлекеттік бюджеттен және Ұлттық қорынан қаржыландырылатын жобаларды таңдауда қатысатын қызметкерлерін «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалар не оған теңестірілген тұлғалар» санатына енгізу ұсынылған. Қызметкерлердің мұндай

санаттарына: заңгерлер, бухгалтерлер, сатып алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері жатқызылуы мүмкін.

Сондай-ақ заң жобасын келісу барысында сыбайлас жемқорлық заңнамасының нормаларын сатып алуды өткізуде қатысатын квазимемлекеттік сектордың қызметкерлеріне қолдану бойынша ұсыныс Президент Әкімшілігінде мынадай негіздер бойынша қолдау таппады.

Мәселен, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалардың не оған теңестірілген тұлғалардың тізбесіне қосуға ұсынылып отырған тізбеленген санаттар басқарушы функцияларды, оның ішінде мемлекеттік бюджеттен және Ұлттық қордан қаржыландыруға билік ету бөлігінде жүзеге асыратын (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары субъектілеріне жататын) тұлғалардың басышылығымен және бақылауымен өз функцияларын орындайтын ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың қатардағы қызметкерлеріне жатады.

Мұндай қатардағы қызметкерлердің лауазымдық орны оларға мемлекеттік қаражатқа (немесе тіпті өз ұйымының ресурстарына) билік етуге мүмкіндік бермейді, осыған байланысты құқық бұзушылық жасау кезіндегі олардың өз қызметтік орнын пайдалану тәсілдері оны сыбайлас жемқорлық ретінде сипаттай алмайды. Мұндай тұлғаның әрекетін сыбайлас жемқорлыққа жатқызу үшін дәлелдеу процесінде ұйымның өзінің емес, мемлекет мүдделеріне зиян келтірілгені нақты дәлелдермен расталған болуға тиіс.

Осыған байланысты қаралып отырған ұйымдардың қызметкерлері (басқарушы буынға жатпайтындары) сондайға негіздер бар болса, жалпы қылмыстары үшін, мысалға, басқарушы функцияларды орындайтын адамдар жасаған талан-тараждау не сыбайлас жемқорлық әрекетіне қатысушы ретінде жауапқа тартылуы тиіс. Көрсетілген жағдайда олар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары субъектілері ретінде емес қатардағы азамат ретінде ғана жауапты болады.

Сонымен қатар, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуы саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында Заң жобасында электронный форматқа көшумен бірге, сатып алу рәсімдерін өткізуге бірыңғай тәсілді қамтамасыз ететін нормалар, мемлекеттік бақылау мен әкімшілік жауапкершілік енгізу бекітілгенін атап өту қажет деп санаймыз.

Сол сияқты, қазіргі таңда заң жобасы Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің ескертулерін ескерте отырып, пысықтауға Министрлікке қайтарылғанын (қайтадан енгізу мерзімі ағымдағы жылдың қараша айы) хабарлаймыз.

*Құрметпен,*  
**Министр**

**Б. Сұлтанов**

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
(по списку)**

На № ДЗ-233 от 12.10.2017г.

**Уважаемые депутаты!**

Министерство финансов Республики Казахстан (далее – Министерство) на Ваш запрос касательно введения уголовной ответственности для лиц, выполняющих организационно-распорядительные и административно-хозяйственные функции в субъектах квазигосударственного сектора за коррупционные правонарушения в сфере закупок, оглашенный 11 октября 2017 года, сообщает следующее.

Пунктом 65 Общенационального плана по реализации Послания Главы государства народу Казахстан от 31 января 2017 года Министерство определено ответственным государственным органом за разработку проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам государственных закупок и закупок субъектов квазигосударственного сектора» (далее – законопроект).

Согласно Концепции законопроекта, одобренной на 423-заседании Межведомственной комиссии по вопросам законопроектной деятельности, предлагается внедрение единой системы государственных закупок по принципу централизованной службы, а также законодательное регулирование закупок субъектов квазигосударственного сектора.

При этом по закупкам квазигосударственного сектора предлагается установить единые правила закупок, закрепить подконтрольность их закупок государству и установление ответственности через административное и коррупционное законодательство.

В частности, законопроектом предлагалось в Уголовном кодексе включить в категорию *«лиц, приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций»* - работников национальных холдингов и компаний, участвующих в организации, проведении и контроле закупок, а равно лиц, участвующих в отборе проектов, финансируемых из государственного бюджета и Национального фонда. К таким категориям работников могут быть отнесены: юристы, бухгалтеры, работники структурных подразделений, осуществляющих закупки.

Вместе с тем, в ходе согласования законопроекта предложение по распространению норм коррупционного законодательства на работников квазигосударственного сектора, участвующих в проведении закупок, не нашло поддержки в Администрации Президента по следующим основаниям.

Так, предлагаемые к включению в перечень лиц, приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, перечисленные категории относятся к рядовым работникам национальных холдингов и национальных компаний, выполняющим свои функции под руководством и контролем лиц, осуществляющих управленческие функции, в том числе в части распоряжения финансированием из государственного бюджета и Национального фонда (которые и относятся к субъектам коррупционных правонарушений).

Должностное положение таких рядовых работников не позволяет им распоряжаться государственными средствами (или даже ресурсами самой организации), в связи с чем, способы использования ими своего служебного положения при совершении правонарушения не могут характеризовать его, как коррупционное. Следует также учитывать, что для отнесения деяния такого лица к коррупционным в процессе доказывания должно быть достоверно установлено нанесение ущерба именно интересам государства, а не самой организации.

В этой связи работники рассматриваемых организаций (не относящиеся к управленческому звену), при наличии к тому оснований, должны привлекаться к ответственности за общеуголовные преступления, к примеру, хищения либо как соучастники коррупционных деяний, совершенных лицами, исполняющими управленческие функции. В указанном случае, они будут нести ответственность не как субъекты коррупционных правонарушений, а как рядовые граждане.

Вместе с тем, полагаем необходимым отметить, что в целях минимизации коррупционных рисков в сфере закупок субъектов квазигосударственного сектора в Законопроекте закреплены нормы, обеспечивающие единый подход к проведению процедур закупок с переводом в электронный формат, внедрение государственного контроля и административную ответственность.

Также сообщаем, что в настоящее время законопроект возвращен в Министерство на доработку с учетом замечаний Администрации Президента и Канцелярии Премьер-Министра (срок повторного внесения ноябрь месяц текущего года).

*С уважением,*  
**Министр**

**Б. Султанов**